

ҚБТУ ИМЖ КС 59-1-23



**«ҚАЗАҚСТАН-БРИТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
ИМЖ КОРПОРАТИВТІК СТАНДАРТЫ**

**«ҚАЗАҚСТАН-БРИТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ-ТА
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША
ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

ҚБТУ ИМЖ КС 59-1-23

ҚБТУ ИМЖ КС 59-1-23

Алғы сөз

Осы «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ-та білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау ережелері» корпоративтік стандарты «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ интеграцияланған менеджмент жүйесі (бұдан әрі – ИМЖ) құжаттамасының құрамдас бөлігі болып табылады және ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001: 2016 серияларындағы халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес келеді.

Жалпы мәліметтер

Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысымен
ӘЗІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН

«Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ Басқармасының
2023 жылғы 8 тамыздағы № 19 шешімімен
БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

МАЗМҰНЫ

1.	МАҚСАТЫ	4
2.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	4
3.	ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
4.	ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ҚАБЫЛДАУ (БАКАЛАВРИАТ)	6
4.1.	Бакалавриат бағдарламаларына оқуға түсу үшін құжаттар қабылдау	6
4.2.	Фокустық серіктестердің түлектерін қабылдау шарттары	10
4.3.	University of London дипломын алуға дайындық бойынша бағдарламаға қабылдау шарттары (ҰБТ-сыз)	10
4.4.	ҚБТУ бакалавриат қабылдау	11
5.	ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН KEЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	13
5.1.	Магистратура мен докторантураға қабылдаудың жалпы ережелері	13
5.2.	ҚБТУ магистратурасына қабылдау тәртібі	13
5.3.	ҚБТУ докторантурасына қабылдау тәртібі	17
5.4.	Апелляциялық комиссия жұмысының тәртібі	21
5.5.	Graduate Diploma-ға қабылдау тәртібі	22
5.6.	ҚБТУ мен ҚРҰБ ынтымақтастығын іске асыру шеңберінде МВА білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау ережелері	22
5.7.	ҚРҰБ-мен бірлескен МВА білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау тәртібі	23
5.8.	ҚРҰБ-мен МВА түсу емтихандарын, сұхбаттасуды және білім беру бағдарламаларына қабылдауды өткізу тәртібі	24
6.	ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ	26
7.	ШАРАЛАР БОЙЫНША ТӘУЕКЕЛДЕР	27
8.	ИМЖ ЖАЗБАЛАРЫ	28
9.	ЖАУАПКЕРШІЛІК	28
10.	НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ	28

ҚОСЫМШАЛАР

1. МАҚСАТЫ

1.1. Осы «ҚБТУ» АҚ-та білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау ережелері (бұдан әрі - Қабылдау ережелері) 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 31.10.2018 ж. №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың типтік ережелері (бұдан әрі – Типтік ережелер) негізінде әзірленді.

1.2. Осы Қабылдау ережелері ҚБТУ-ға келесі: бакалавриат, магистратура және докторантура білім беру деңгейлері бойынша білім беру бағдарламаларына оқуға түсу шарттары мен тәртібін регламенттейді:

1.3. Осы Қабылдау ережелері «ҚБТУ» АҚ-тың білім беру бағдарламаларына оқуға түсетін тұлғаларға, оқуға қабылдау процесіне қатысатын «ҚБТУ» АҚ-тың барлық құрылымдық бөлімшелеріне және лауазымды тұлғаларына қолданылады.

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2.1. ҚБТУ бизнес және өнеркәсіп саласының болашақ көшбасшылары үшін жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз ету, өңірдің және тұтастай алғанда елдің мүддесі үшін, ғылымның ең озық және перспективалы салаларында инновациялық технологиялар мен зерттеулерді ілгерілетуді өзінің миссиясы деп санайды.

2.2. Белгіленген мақсаттарға қол жеткізу үшін ҚБТУ миссиясы мен көзқарасын көрсететін келесі стратегиялық міндеттер қойылды:

- ұлттық және халықаралық білім беру стандарттарына сәйкес сапалы жоғары білім беру қызметтерін ұсыну;
- шетелдік озық білім беру технологияларын қолдану, кәсіби тәжірибесі мол және шетелдік іс-тәжірибеге ие оқытушылар мен сарапшыларды тарту;
- ғылыми әзірлемелер, инновациялық шешімдер әзірлеу және экономиканың басым салаларына енгізу;
- әлемдік рейтингі, халықаралық аккредитациясы бар және әлемдік мойындауға ие зерттеу университеті мәртебесіне қол жеткізу;
- ғылымды, білім беруді және өндірісті интеграциялау үшін үлгілі инфрақұрылымға ие болу;
- құрылымдық бөлімшелердің – оқу, тәрбие, шығармашылық, ғылыми-зерттеу және өндірістік өзара тұрақты байланысқа қол жеткізу.

2.3. ҚБТУ-да мемлекеттік білім беру тапсырысы және республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ білім алушының өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жоғары білім беру грантын тарату, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдаудың ашық, әрі айқын процесі жұмыс істейді.

2.4. ҚБТУ-ға құжат тапсыру және қабылдау үшін құжаттарды қабылдау мен өңдеуді Қабылдау комиссиясы жүзеге асырады, оның құрамы жыл сайын ҚБТУ Ректорының (Басқарма Төрағасы) бұйрығымен бекітіледі.

2.5. Қабылдау комиссиясының құрамына төраға – Ректор (Басқарма Төрағасы), проректорлар, құрылымдық бөлімдердің басшылары және ҚБТУ – оқытушылық-профессорлық құрамының өкілдері кіреді. Проректорлар қатарынан Қабылдау комиссиясы төрағасының екі орынбасары тағайындалады.

2.6. Қабылдау комиссиясының сандық құрамы мүшелердің тақ санынан тұрады.

2.7. Қабылдау комиссиясының қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз ету мақсатында Қабылдау комиссиясы жауапты хатшысының жұмыс бағыттары бойынша орынбасарлары, құжаттарды тікелей қабылдауды жүзеге асыратын техникалық хатшылар және Мектептер деканаты қызметкерлері мен профессор-оқытушылар құрамының қатарынан академиялық кеңесшілер тағайындалады.

3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Қысқарту	Толық атауы
APEC	«APEC PetroTechnic жоғарғы колледжі» ЖШС
DBA	Докторантураның «Іскерлік әкімшілендіру» білім беру бағдарламасы
GMAT	GraduateManagement Admission Test стандартталған тест тапсыру туралы халықаралық сертификат
GRE	GraduateRecord Examinations стандартталған тест тапсыру туралы халықаралық сертификат
IELTS	International English Language Testing System
KELET	Ағылшын тілін білу деңгейін анықтауға арналған ҚБТУ-дың оқуға түсу тестілеуі
STEP	«ҚБТУ» АҚ ағылшын тілі курстары
MBA	Магистратураның «Іскерлік әкімшілендіру» білім беру бағдарламасы
TOEFL	Test of English as a Foreign Language
БИЛ	Білім-инновация лицейі
БМ	Бизнес мектебі
ҰОС	Ұлы Отан соғысы
ЖОО	Жоғары оқу орны
МБГ	Мемлекеттік білім беру гранты
ББТ	Білім беру бағдарламалары тобы
МжСҮ	Магистранттар және студенттер үйі
ҰБТ	Ұлттық бірыңғай тестілеу
МҚА АЖ	Мемлекеттік қызметтерді автоматтандырудың ақпараттық жүйесі
ҚБТУ	«Қазақстан-Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамы
ҚТА	Қазақстан Теңіз академиясы
КТ	Кешенді тестілеу
ҚР ҒжЖБМ	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
ХЭМ	Халықаралық экономика мектебі
КХЕС (МЭСК)	Кембридж халықаралық емтихан сертификаты
ҚР ҰБ	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
НЗМ	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы
ҰТО	Ұлттық тестілеу орталығы
ББ	Білім беру бағдарламалары
ЖжЖОКБҰ	Жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымдары
ҚК	ҚБТУ Қабылдау комиссиясы
ОПҚ	Оқытушылық- профессорлық құрам
ЭҰП	Электрондық үкімет порталы
ҚР	Қазақстан Республикасы
ӨТО	Өңірлік тестілеу орталықтары
РФМШ	«Республикалық физика-математика мектебі» КеАҚ

ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ОДТ	Оқуға даярлық тесті
ГМ	Геология мектебі
АТЖИМ	Ақпараттық технологиялар және инженерия мектебі
МжЖТМ	Материалтану және жасыл технологиялар мектебі
ҚММ	Қолданбалы математика мектебі
ХИМ	Химиялық инженерия мектебі
ЭжМГИМ	Энергетика және мұнай-газ индустриясы мектебі
ЭЦҚ	Электрондық цифрлық қолтаңба

4. ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ҚАБЫЛДАУ (БАКАЛАВРИАТ)

4.1. Бакалавриат бағдарламаларына оқуға түсу үшін құжаттарды қабылдау

4.1.1 ҚБТУ жоғары білімнің осы Қабылдау ережелерінің 5-қосымшасында көрсетілген білім беру бағдарламаларын іске асырады.

4.1.2 ҚБТУ-да оқуға қабылдау келесі тәртіппен жүзеге асырылады:



1-ҚАДАМ КЕҢЕС БЕРУ

4.1.3 Талапкер ЖОО-ның әлеуметтік желілердегі беттерінде ҚБТУ-ға түсу бойынша телефон арқылы кеңес ала алады (нөмірі + 7 727 357 42 42), эл. пошта (info@kbtu.kz) немесе тікелей кеңес алу үшін Қабылдау комиссиясына келе алады.

4.1.4 Кеңесті Қабылдау комиссиясының кеңесшілері, сондай-ақ ҚБТУ Мектептерінің өкілдері жүргізеді.

2-ҚАДАМ ҚҰЖАТТАР ТАПСЫРУ

4.1.5 Ақылы бөлімге құжаттар тапсыру үшін оқуға түсуші құжаттарының түпнұсқаларымен ҚК-ге келіп, **2025 жылғы 20 маусым мен 25 тамыз аралығында** тапсыруы қажет.

4.1.6 МБГ беру конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау мерзімі – **2025 жылғы 20 маусымнан 20 шілдеге дейін**. Құжаттарды ҚБТУ қабылдау комиссиясына 2025 жылғы 13 шілдеге дейін тапсыру ұсынылады. Тапсырылмаған құжаттарсыз мемлекеттік гранттар конкурсына қатысуға өтінім қабылданбайды.

ҚБТУ ИМЖ КС 59-1-23

4.1.7 Құжаттарды ҚК-ге тапсыру сәтінде талапкерде оқуға түсушінің электрондық сауалнамасы (бұдан әрі – Сауалнама) толтырылған және жіберілген болуы тиіс. Оның негізінде <https://wsp.kbtu.kz/> жүйесінде профиль толтырылады.

4.1.8 Қабылдау комиссиясына тапсыру үшін қажетті құжаттар тізбесі осы Қабылдау ережелерінің **1-қосымшасында** келтірілген.

4.1.9 Азаматтардың ҚБТУ-да жеңілдікпен оқу құны көзделген әлеуметтік санаттарының ішінен талапкерлерге **2-қосымшада** баяндалған растау құжаттарын тапсыру талап етіледі.

4.1.10 Жалпы орта білімі бар, мерзімді әскери қызметін өтеген азаматтардың оқуға түсуі үшін құжаттарды қабылдау мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде әңгімелесу нәтижелері бойынша ақылы бөлімге ғана жүзеге асырылады.

4.1.11 Жалпы орта білімі бар және мерзімді әскери қызмет өтеген азаматтар мерзімді әскери қызметін өткеру кезеңі көрсетілген растау құжаттарын ұсынуға міндетті.

4.1.12 Жалпы орта білімі бар және мерзімді әскери қызмет өтеген азаматтардың оқуға түсу барысында ҰБТ сертификатын ұсынбауға құқығы бар.

4.1.13 Дерексіз ақпарат пен жалған деректер ұсынылған жағдайда талапкерлердің құжаттарын қабылдаудан бас тартылады.

4.1.14 Құжаттарды қолдан жасау немесе көрінеу жалған мәліметтер беру жағдайлары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құқық қорғау органдарына қарауға беріледі.

4.1.15 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес квоталар бойынша мемлекеттік білім беру грантын алу конкурсына қатысатын талапкерлерге осы Қабылдау ережелерінің **3-қосымшасында** көрсетілген құжаттарды қосымша ұсыну қажет.

4.1.16 Өзге ЖжЖОКБҰ -дан (қазақстандық және шетелдік) қайта оқуға қабылданатын немесе ауысатын бакалавриат студенттері үшін қажетті құжаттардың тізімі **4-қосымшада** ұсынылған.

4.1.17 Шет тіліндегі құжаттар нотариалды куәландырылған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен ұсынылады.

4.1.18 Шетелдік білім беру ұйымдарынан берілген білімі туралы құжаттар тұлғалар қабылданғаннан кейін оқудың бірінші академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мойындау және нострификациялау шарасынан өтеді.

4.1.19 Қажет болған жағдайда тиісті Мектептің деканы тестілеу нәтижелері бойынша талапкермен сұхбаттасу өткізеді.

4.1.20 ХЭМ білім беру бағдарламаларына оқуға түсу үшін қосымша талаптар осы Қабылдау ережелерінің 6-қосымшасында қарастырылған.

3-ҚАДАМ

МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ГРАНТТАРЫ КОНКУРСЫНА ҚАТЫСУ

4.1.21 МБГ беру конкурсына қатысу үшін өтініштерді қабылдау мерзімі-**2025 жылғы 13 шілде мен 20 шілде аралығы**.

4.1.22 МБГ конкурсына қатысуға өтініш беру ҚР ҒжЖБМ-ның нормативтік актілеріне сәйкес жүргізіледі.

4.1.23 Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін **2025 жылғы 16 мамырдан 5 шілдеге дейін** өткізілген ҰБТ сертификаты болуы қажет. Бұл ретте ҰБТ тапсырудың екі талпынысын пайдаланған түсуші тестілеудің ең жоғары нәтижесі бар сертификатын (әртүрлі бірегей нөмірлері бар ҰБТ сертификаты) таңдауға құқылы.

4.1.24 МБГ конкурсының нәтижелері **10 тамызға** дейінгі кезеңде жарияланады.

4.1.25 Республикалық бюджет қаражаты есебінен «бакалавр» дәрежесін беру арқылы жоғары білім алуға ақы төлеуге арналған білім беру гранттары Ұлттық бірыңғай

ҚБТУ ИМЖ КС 59-1-23

тестілеу (бұдан әрі – ҰБТ) сертификаттарының балдарына сәйкес білім беру бағдарламаларының нақты топтары, тілдік бөлімдер және оқыту формасы бойынша конкурстық негізде оқуға түсушілер өтініш берген білім беру бағдарламалары топтарының кезектілігіне сәйкес білім беру гранты беру туралы куәлік ұсыну арқылы беріледі.

4.1.26 Жоғары білім беру грантын беру конкурсында Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқыту тілі), екі бейіндік пән бойынша балдар ескеріледі (**5-қосымшада** дайындық бағыттары бойынша көрсетілген).

4.1.27 Бейіндік пәндер сәйкес келуі барысында оқуға түсуші білім беру бағдарламаларының шығармашылық топтарын қоспағанда, төрт білім беру бағдарламасы тобына дейін көрсете алады.

4.1.28 МБГ алу конкурсына қатысу үшін таңдалған дайындық бағытына байланысты, ҚБТУ белгілеген ҰБТ шекті балын (1- **кестеде** төменде қараңыз), оның ішінде Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы бойынша кемінде 5 балл – оқыту тілі және әрбір бейіндік пән бойынша кемінде 5 балл жинау қажет.

1-кесте – ҚБТУ даярлау бағыттары бойынша МБГ-ға оқуға түсушілер үшін ҰБТ-ның шекті балдары

ББТ коды	ҚБТУ ББ топтарының атауы	Шекті балл
V044	Менеджмент және басқару	100
V045	Аудит және салық салу	100
V046	Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі	100
V047	Маркетинг және жарнама	100
V057	Ақпараттық технологиялар	100
V063	Электротехника және автоматтандыру	100
V066	Теңізкөлігі және технологиялары	70
V071	Тау-кен ісі және пайдалы қазбаларды өндіру	70
V060	Химиялық инженерия и үдерістер	70

4.1.29 Білім беру гранттарын алуға конкурс өткізу барысында балдар тең болған жағдайды артықшылық құқық келесі кезектілікке ие болады:

- «Алтын белгі» белгісімен марапатталған тұлғалар;
- көрсеткен патриотизмі мен белсенді азаматтық ұстанымы үшін ерекшелік белгісімен марапатталған тұлғалар;

- тізбесін білім беру саласындағы өкілетті орган айқындайтын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен наградталған), соңғы үш жылдағы орындаушылардың және спорттық жарыстардың халықаралық және республикалық конкурстарының (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен наградталған) жеңімпаздары, сондай-ақ ағымдағы оқу жылында олар таңдаған мамандық олимпиада, конкурс немесе спорттық жарыс пәніне сәйкес келген жағдайда жалпы білім беретін пәндер бойынша президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (бірінші, екінші және үшінші дипломдармен марапатталған) жеңімпаздары;

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, бірінші және екінші топтағы мүгедектер, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар, бала кезінен мүгедектер, кәмелетке толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған медициналық

қорытындыға сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуға қарсы көрсетілмдері жоқ және үздік білімі туралы құжаттарға ие (куәліктері, аттестаттары, дипломдары) тұлғалар.

4.1.30 Осы санаттағы тұлғалар Қабылдау комиссиясына осы Қабылдау ережелерінің 7-қосымшасына сәйкес басым құқықтың бар екендігін растайтын құжаттарды ұсынады.

4.1.31 Білім беру грантын беру туралы куәлік электрондық түрде беріледі немесе Қабылдау комиссиясының техникалық хатшысы басып шығарады.

4.1.32 ҚБТУ-ға оқуға түсу барысында I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар қатарындағы азаматтар, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтарға ауыл жастары қатарындағы азаматтар, ұлты қазақ тұлғалар, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, қайтыс болуына байланысты ата-анасының біреуі жоқ балаларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударатын ауыл жастары қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, төрт және одан да көп кәмелетке толмаған бала тәрбиеленетін отбасылардан шыққан балалар, осы мәртебесі кемінде үш жыл болатын толық емес отбасылардан шыққан балалар (Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге осы санаттағы мәртебе ата-анасының біреуінің қайтыс болған күніне қарамастан айқындалады), бала кезінен мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар, бірінші және екінші топтағы мүгедектер басым құқықты және квотаны беруді растайтын қосымша құжаттар (**3 және 7-қосымша**) тапсырады,

4.1.33 Қабылдау квотасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 (2021 жылғы 21 сәуірдегі № 256 енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен) «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезіндегі қабылдау квоталарының мөлшері» қаулысында қарастырылған.

4.1.34 **Маңғыстау және Атырау облыстарының талапкерлеріне арналған мақсатты гранттар.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 20 сәуірдегі № 253 «Халық тығыз қоныстанған және батыс өңірлерден келген жастарды жетекші жоғары оқу орындарында оқытуға арналған мақсатты білім беру гранты» қаулысымен(бұдан әрі – «Атырау-Маңғыстау» мақсатты гранттары), 10 мың көлемінде жаңа квота анықталған.

4.1.35 «Атырау-Маңғыстау» мақсатты гранттарын беру конкурсына Маңғыстау немесе Атырау облыстары мен қалаларынан орта білім беру және техникалық және кәсіптік ұйымдарының ағымдағы жыл түлектері қатысады.

4.1.36 «Атырау-Маңғыстау» мақсатты грантын беру конкурсына қатысу үшін көрсетілген түлектердің 2025 жылғы 16 мамырдан 5 шілдеге дейін өткізілген ҰБТ сертификаты болуы қажет.

4.1.37 «Атырау-Маңғыстау» мақсатты гранты шеңберінде қатысатын тұлғалар бір мезгілде жалпы конкурсқа, өзге де квоталарға, оның ішінде «Мәңгілік ел жастары-индустрияға!» – Серпінге қатыса алады.

4.1.38 «Атырау – Маңғыстау» мақсатты грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін өтініштерді қабылдау Ұлттық тестілеу орталығының сайтында (<http://www.testcenter.kz/>) онлайн форматта жүзеге асырылады.

4-ҚАДАМ ШАРТ ЖАСАСУ

4.1.39 Бакалавриатта оқуға арналған шарттар 24-шарт сервисі арқылы электрондық түрде жасалады (<https://dogovor24.kz/>).

ҚБТУ ИМЖ КС 59-1-23

4.1.40 Талапкер ақылы негізде оқу үшін 2025 жылғы 20 маусым мен 25 тамыз аралығында ҚБТУ бекіткен форма бойынша ақылы білім беру қызметтерін көрсетуге шарт жасасады.

4.1.41 МБГ иегері - талапкерлер 2025 жылғы 10-25 тамыз аралығында білім беру қызметтерін көрсетуге шарт жасасады.

4.2 ФОКУСТЫҚ СЕРІКТЕСТЕРДІҢ ТҮЛЕКТЕРІН ҚАБЫЛДАУ ШАРТТАРЫ

4.2.1 «ҚБТУ» АҚ-тың фокустық серіктестеріне келесі ұйымдарр жатады:

- АРЕС PETROTECHNIC жоғары колледжі» ЖШС;
- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы»;
- «Республикалық физика-математика мектебі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

- Лицейлер және «Білім-Инновация» мамандандырылған мектебі;

- «NURORDA» мектеп –лицейі;

- Алматы қ. және Астана қ. «Мирас» халықаралық мектептері;

- Алматы халықаралық мектебі;

- «Арыстан» мамандандырылған лицейі;

- «Tamos Education» халықаралық мектебі;

- IQanat High School of Burabay.

4.2.2 Фокустық серіктестердің түлектеріне ҚБТУ-да қысқартылған оқу мерзімі бар бакалавриат бағдарламалары бойынша оқу мүмкіндігі беріледі.

4.2.3 Қысқартылған оқу мерзіміне пәндер бойынша кешенді емтиханды ақылы негізде тапсырған жағдайда («Арес Petrotechnic жоғары колледжі» ЖШС-дан өзге барлық серіктестер үшін) фокустық серіктестердің оқу орындарында өтілген пәндерді қайта есептеу есебінен қол жеткізіледі. Қайта оқылатын пәндер саны таңдалған білім беру бағдарламасына байланысты.

4.2.4 ҚБТУ-да фокустық серіктестердің түлектері үшін білім беру қызметтерін ұсыну кезінде жеңілдікті шарттар бойынша жеке тариф қолданылады. Бұл жеңілдік шарттары фокустық серіктестер оқу орындарының ағымдағы жылдағы түлектеріне қолданылады.

4.2.5 АРЕС түлектері ҰБТ тапсырусыз Алматы қаласыа ҚБТУ-дың қысқартылған бағдарламасына оқуға түсе алады. Ол үшін АРЕС дипломы болуы қажет.

4.2.6 АРЕС түлектері үшін қайта есептеу емтихан өткізу және комиссия мәжілісінің шешімі негізінде тегін жүргізіледі.

4.2.7 АРЕС түлектері үшін ҚБТУ-дың келесі білім беру бағдарламаларына қысқартылған форма және жеңілдікке ие құн бойынша күндізгі оқыту жүргізіледі:

- Мұнайгаз ісі- 3 жыл;
- Автоматтандыру және басқару – 3 жыл;
- Органикалық заттардың химиялық технологиялары– 3 жыл.

4.3. UNIVERSITY OF LONDON ДИПЛОМЫН АЛУҒА ДАЙЫНДЫҚ БОЙЫНША БАҒДАРЛАМАҒА ҚАБЫЛДАУ ШАРТТАРЫ (ҰБТ-СЫЗ)

4.3.1. Талапкерлер Халықаралық экономика мектебіне келесі бағыттар бойынша оқуға түсе алады:

- BSc Mathematics & Economics
- BSc Economics & Finance
- BSc Data Science & Business Analytics

ҚБТУ ИМЖ КС 59-1-23

4.3.2. Лондон университетіне ҰБТ сертификатынсыз жоғарыда аталған білім беру бағдарламаларына оқуға түсу шарттары:

- ХЭМ комиссиясымен ағылшын тілінде сұхбат.
- Ағылшын тілін білуі (IELTS 6.0 сертификаты және әр бөлім кемінде 5,5);
- Математика бойынша жоғары көрсеткіштер (аттестатта 5 немесе 4 балл)
- Келесі сертификаттардың бірінің болуы:
 - a) IB Diploma Programme (диплом) + Mathematics HL курс немесе Mathematics SL курсы бойынша 7-ден 5 болуы;
 - b) A level Cambridge Certificates (Кембридж кеңесінің халықаралық емтиханы): Mathematics: C курсы бойынша ең төмегі бағаның болуы;
 - c) Advanced Placement от College Board курсы: келесі төрт курс бойынша AP Calculus AB, AP Statistics, AP Microeconomics, AP Macroeconomics кем дегенде 5-тен 3 болуы;
 - d) Лондон университеті мен ҚБТУ-да мойындалатын халықаралық Foundation бағдарламалары.

4.3.3 Қажетті көрсеткіштермен жоғарыда көрсетілген сертификаттар (IELTS және Cambridge (Кембридж кеңесінің халықаралық емтиханы) /IB Diploma/Advanced Placement) болуы барысында талапкер оқу мерзімі 3 жыл болатын бағдарламаға қабылданады.

4.3.4 Жоғарыда көрсетілген сертификаттар қажетті көрсеткіштермен болмауы (IELTS және Cambridge (Кембридж кеңесінің халықаралық емтиханы)/IB Diploma/Advanced Placement) барысында талапкер халықаралық емтихандарына дайындық жөніндегі Advanced Placement бағдарламасына барады және оқу мерзімі 4 жылды (3 жылдың орнына) құрайды.

4.3.5 Әр академиялық жылдың соңында (мамыр-маусым кезеңінде) студент Лондон университетінің емтихандарын тапсырады және барлық емтихандардан сәтті өтуі барысында Лондон университетінің дипломын алады.

4.4. ҚБТУ БАКАЛАВРИАТЫНА ҚАБЫЛДАУ

4.4.1 Талапкерлерді ҚБТУ студенттерінің қатарына қабылдауды Қабылдау комиссиясы 2025 жылғы 10-25 тамыз аралығында ҚБТУ Ректорының (Басқарма Төрағасының) бұйрығымен жүзеге асырады.

4.4.2 ҚБТУ-ға оқуға қабылдау білім беру бағдарламаларының топтары және жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша жүргізіледі

4.4.3 ҰБТ-ның шекті балын жинамаған орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар ҚБТУ-ға күндізгі оқу формасы бойынша шартты түрде қабылданған студент мәртебесінде ақылы негізде қабылданады.

4.4.4 ҚБТУ- да академиялық оқу кезеңі (семестр) аяқталғаннан кейін бұл тұлғалар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу ережелеріне (бұдан әрі – ҰБТ өткізу ережелері) сәйкес қаңтарда ҰБТ-ны қайта тапсырады. Қысқы ҰБТ-ны қайта тапсыру қорытындысы бойынша шекті балл жинамаған тұлғалар оқу жылы аяқталғаннан кейін ҚБТУ-дан шығарылуы тиіс.

4.4.5 ҰБТ сертификаттары ҰБТ тапсырудың алдыңғы немесе кейінгі тапсырылуына қарамастан ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейін жарамды болып табылады.

4.4.6 Ақылы бөлімшеге оқуға түсуші 2024 жылғы ҰБТ сертификаттарының бірін ұсына алады. Мұнда бейіндік пәндердің комбинациясын таңдау білім беру бағдарламалары тобына сәйкес келуі тиіс.

4.4.7 Ағымдағы жылғы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ өткізу ережелеріне сәйкес белгіленген мерзімдерде ҰБТ тапсырған және Типтік қабылдау ережелерінде белгіленген шекті балды жинаған тұлғалар жалпы

ҚБТУ ИМЖ КС 59-1-23

орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру туралы құжатты алғанға дейін ақылы негізде ҚБТУ-ға қабылдау туралы Ректордың (Басқарма Төрағасының) атына өтініш береді.

4.4.8 МБГ бойынша оқуға түсетін Қазақстан Республикасының азаматтарымен Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ-нің нормативтік құжаттарында айқындалатын тәртіппен өңдеу туралы шартпен білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасалады.

4.4.9 Оқуға түсушілер екінші деңгейдегі банктер беретін білім беру кредитін ресімдеген жағдайда, оқуға түсуші құжаттардың қарауда болуы туралы банктен тиісті анықтаманы ұсынуы барысында ҚБТУ студенттерінің қатарына қабылданады.

4.4.10 Бұл ретте оған білім беру қызметтерін көрсету шартында белгіленген және азамат оқуға қабылданғанға дейін төлеуге жататын соманы төлеу бойынша білім беру кредитін ресімдеу кезеңіне, бірақ банктен анықтама алған сәттен бастап 4 (төрт) аптадан аспайтын мерзім беріледі.

4.4.11 ҚБТУ оқуға қабылдау аяқталғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде білім беру саласындағы өкілетті органға студенттерді қабылдау бойынша қорытынды есеп ұсынады.

5. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

5.1. Магистратура мен докторантураға қабылдаудың жалпы ережелері

5.1.1 ҚБТУ осы Қабылдау ережелеріне **8-қосымшада және 13-қосымшада** көрсетілген магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асырады.

5.1.2 ҚБТУ магистратурасы мен докторантурасына тұлғаларды қабылдау ғылыми - педагогикалық және бейіндік бағыттар бойынша кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқытуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

5.1.3 ҚБТУ магистратурасына және докторантурасына, оның ішінде мақсатты даярлық бойынша адамдарды қабылдау MBA және DBA бағдарламаларын қоспағанда, кешенді тестілеу (КТ) немесе докторантураға түсу емтихандарының **(ВЭД)** нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

5.1.4 Магистратураға түсушілер үшін Қабылдау комиссиясы келесілерді жүзеге асырады:

- оқуға түсушілерге жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының таңдаулы тобының мәселелері бойынша кеңес беру, КТ шарасымен таныстыру;

- мемлекеттік білім беру грантын алу конкурсына қатысу үшін өтінімдер қабылдау;

- түсушілердің құжаттарын қабылдауды және тексеруді ұйымдастыру;

- PGE.KBTU.KZ дерекқорына деректерді енгізу;

- 24шарт сервисі (<https://dogovor24.kz/>) арқылы ҚБТУ-дың бекітілген формасы бойынша электрондық түрде оқуға шарт жасасу.

5.1.5 Докторантураға түсушілер үшін Қабылдау комиссиясы келесілерді жүзеге асырады:

- оқуға түсушілерге жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының таңдаулы тобының мәселелері бойынша кеңес беру, докторантураға түсу емтиханының рәсімімен таныстыру;

- келіп түскен құжаттарды қабылдауды және тексеруді ұйымдастыру;

- PGE.KBTU.KZ базасына деректерді енгізу;

- білім беру топтары бойынша докторантураға түсу емтиханын өткізуді ұйымдастыру;

- докторантураға оқуға түсушілер үшін әңгімелесу өткізуді ұйымдастыру;

ҚБТУ ИМЖ КС 59-1-23

- 24 шарт сервисі (<https://dogovor24.kz/>) арқылы ҚБТУ-дың бекітілген формасы бойынша электрондық түрде оқуға шарт жасасу.

5.1.6 9 және 14-қосымшаларға сәйкес құжаттарды қабылдау құжаттардың түпнұсқаларын тапсыра отырып, ҚБТУ Қабылдау комиссиясына күндізгі форматта жүзеге асырылады.

5.1.7 MBA және DBA білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қабылдауды ҚБТУ сұхбаттасу түріндегі түсу емтихандары негізінде дербес жүзеге асырады.

5.2. ҚБТУ магистратурасына қабылдау тәртібі

5.2.1 Ғылыми-педагогикалық магистратураға түсуші тұлғалар шет тілі бойынша тестілеуден (ағылшын, неміс, француз тілдерін таңдау бойынша), білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тестілеуден, қазақ немесе орыс тілінде таңдау бойынша оқуға дайындығын айқындауға арналған тестілеуден тұратын КТ тапсырады, ол ҚР ҒжЖБМ белгілеген кешенді тестілеу өткізу пункттерінде өткізіледі.

5.2.2 Бейіндік магистратураға түсуші тұлғалар КТ тапсырады, ол ҚР ҒжЖБМ айқындайтын кешенді тестілеу өткізу пункттерінде өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тестілеуден және қазақ немесе орыс тілінде таңдау бойынша оқуға дайындығын анықтауға арналған тестілеуден тұрады.

5.2.3 Магистратураға оқуға түсетін өтініштер мен құжаттарды қабылдау ҰТО порталы және Қабылдау комиссиялары арқылы келесі мерзімдерде жүргізіледі:

- күнтізбелік жылдың 1 маусымынан 5 шілдесіне дейін;
- күнтізбелік жылдың 25 қазанынан 10 қарашасына дейін.

5.2.4 Оқуға түсуші КТ-ға қатысу үшін ҰТО сайтында онлайн өтініш береді.

5.2.5 КТ-ға қатысуға өтініш беру үшін оқуға түсушіге ҰТО базасында app.testcenter.kz арқылы тіркелу және Digital.ID - цифрлық төлқұжат (жеке басын куәландыратын құжат) жасау қажет.

5.2.6 КТ нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҚР ҒжЖБМ сайтында расталады.

5.2.7 Шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттары және стандартталған GRE тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаттары бар тұлғалар КТ-ға электрондық форматта және конкурсқа қатысу үшін өтініш беру барысында сертификат деректерін енгізуі қажет. Аталған сертификаттардың балдарын аудару осы Қабылдау ережелерінің 10 және 13-қосымшаларына сәйкес мемлекеттік білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін өтініш берілгеннен кейін немесе ақылы негізде қабылдану барысында жүзеге асырылады.

5.2.8 «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» білім беру салаларының білім беру бағдарламалары топтарына, сондай-ақ «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттарына оқуға түсетін тұлғалар қалауы бойынша шет тілі блогынан және ғылыми-педагогикалық магистратураға стандартталған Graduate Record Examinations (GRE) тестін тапсыру туралы халықаралық сертификат болуы барысында Қабылдау ережелерінің 10-қосымшасында көрсетілген балдарды аудару шкаласына сәйкес КТ оқуға даярлығына арналған тестіден босатылады.

5.2.9 «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» білім беру салаларының білім беру бағдарламаларының топтарына түсетін тұлғалар, сондай-ақ «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттары стандартталған Graduate Record Examinations (GRE) тестін тапсыру туралы халықаралық сертификат болуы барысында осы Қабылдау ережелерінің 10-қосымшасында көрсетілген балдарды аудару шкаласына сәйкес қалауы бойынша бейінді магистратураға КТ оқуға дайындығына арналған тестіден босатылады.

5.2.10 «Бизнес және басқару» кадрларды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламалары тобына магистратураға оқуға түсетін тұлғалар Graduate Management Admission Test (GMAT) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификат

ҚБТУ ИМЖ КС 59-1-23

болуы барысында осы Қабылдау ережелерінің 11-қосымшасында көрсетілген балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес магистратураға КТ тапсырудан босатылады.

5.2.11 GMAT стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар тұлғалар білім беру гранттарын беру бойынша конкурсқа қатысу үшін өтініш беру барысында немесе ақылы негізде қабылдану барысында сертификат деректерін енгізуі қажет.

5.2.12 Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫЖДҰ) мүше - мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізілімдеріне және (немесе) қауымдастықтарына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ аяқтаған тұлғалар 5 жыл ішінде магистратураның КТ «Шет тілі» тестілеу блогынан (ағылшын тілі) босатылады.

5.2.13 Мерзімді әскери қызмет өткерген адамдар бейінді магистратураға мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін 3 (үш) жыл ішінде ақылы негізде түсе алады. Қабылдау түсу емтихандарынсыз, сұхбаттасу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

5.2.14 Мемлекеттік білім беру гранты бойынша магистратураға оқуға түсушілер өтініште білім беру бағдарламаларының бір тобын және 3 (үш) ЖЖОКБҰ-ға дейін көрсетеді.

5.2.15 Магистратураға түсуші тұлғалар шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаты болуы барысында қалауы бойынша шет тілі блогынан босатылады. Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен қолданылу мерзімін ҚБТУ Қабылдау комиссиясы тексереді. Сертификаттарды тексерудің қажетті шектері мен әдістері төменде 4-кестеде келтірілген.

4-кесте - Шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттардың шекті мәндері

Халықаралық сертификат	Балл шегі	Сертификаттарды тексеру әдістері
Ағылшын тілі		
IELTS Academic	6,0-ден кем емес	Сайт арқылы: IELTS Test Report Form (TRF) Verification Service https://ielts.ueles.org.uk/ielts-trf/index.jsp Электрондық пошта бойынша: verification.ielts@idp.com
TOEFL IBT	60 баллдан төмен емес	Сайт арқылы: ETS:portal.ets.org Логин бойынша: SRyspayeva
TOEFL PBT	498-ден кем емес	
Неміс тілі		
DSH	Niveau C1/ C1 деңгейі	Сайт арқылы: http://www.ets.org/ электрондық пошта бойынша: tests-security@etsglobal.org
TDF	Niveau C1/ C1 деңгейі	
Француз тілі		
TFI	B1 деңгейінен төмен емес	Сайт арқылы: http://www.ets.org/ Электрондық пошта бойынша: tests-security@etsglobal.org
DELFB	B2 деңгейі	
DALFB	C1 деңгейі	
TCF	50 баллдан кем емес	

ҚБТУ ИМЖ КС 59-1-23

5.2.16. ҚБТУ магистратура бағдарламаларына түсу тәртібі мен мерзімдері төменде 5-кестеде келтірілген:

5-кесте – ҚБТУ-да магистратураға түсу алгоритмі

Атауы	Мерзімі
Жазғы қабылдау	
ҰТО порталында КТ-ға қатысу үшін өтініштерді қабылдау	1 маусым - 5 шілде аралығы
Кешенді тестілеуді тапсыру	20 шілде – 10 тамыз аралығы
Құжаттарды қабылдау	20 маусым - 28 тамыз аралығы
Халықаралық сертификаттарды тексеру (болған жағдайда)	Ұдайы негізде
Қысқы қабылдау	
Шарттар жасасу (ақылы бөлімге)	20 шілде - 28 тамыз аралығы
Шарттар жасасу (МБГ)	15 - 28 тамыз аралығы
МБГ-ға өтінім беру	11 - 15 тамыз аралығы
Пререквизиттерден өту (қажет болуы барысында)	Бірінші академиялық семестр ішінде
Оқуға қабылдау	28 тамызға дейін
Қысқы қабылдау	
ҰТО порталында КТ-ға қатысу үшін өтініштерді қабылдау	25 қазан - 10 қараша
Кешенді тестілеуді тапсыру	28 қараша-11 желтоқсан аралығы
Құжаттарды қабылдау	28 қараша - 10 қаңтар аралығы
Халықаралық сертификаттарды тексеру (болған жағдайда)	Ұдайы негізде
Шарттар жасасу (ақылы бөлімге)	26 желтоқсан - 10 қаңтар аралығы
Шарттар жасасу (МБГ)	26 желтоқсан - 10 қаңтар аралығы
МБГ-ға өтінім беру	12 - 15 желтоқсан аралығы
Пререквизиттерден өту (қажет болуы барысында)	Бірінші академиялық семестр ішінде
Оқуға қабылдау	26 желтоқсан - 10 қаңтар аралығы

5.2.17. Магистратураға оқуға түсетін тұлғалар құжаттарын Қабылдау комиссиясына (оның ішінде онлайн) тапсыру жағдайында осы Қабылдау ережелерінің 9-қосымшасында көзделген тізбе бойынша құжаттарды ұсынады.

5.2.18. ҚБТУ-да оқудың жеңілдікке ие құны көзделген азаматтардың әлеуметтік санаттары арасынан магистратураға оқуға түсушілер 2-қосымшаға сәйкес растайтын құжаттарды ұсынуы қажет.

5.2.19. Құжаттар тізбесі толық ұсынылмауы барысында Қабылдау комиссиясы оқуға түсушілердің құжаттарын қабылдаудан бас тартады.

5.2.20. Шетелдік білім беру ұйымдарынан берілген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңдастырылады және нострификацияланады.

5.2.21. Магистратураға оқуға қабылдау осы Қабылдау ережелеріне 12- қосымшаға

ҚБТУ ИМЖ КС 59-1-23

сәйкес Магистратураға бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес КТ қорытындылары бойынша жүзеге асырылады.

5.2.22. Бакалавриат даярлау бағытына сәйкес келмейтін /қатысы жоқ магистратура бағдарламаларына құжаттар тапсырған үміткерлердің тиісті магистратураның білім беру бағдарламасын игеру үшін қажетті пререквизиттер пәндерін тапсыруы жағдайында ҚБТУ-да оқуға құқығы бар болады (осы Қабылдау ережелерінің 14-қосымшасы).

5.2.23. Тиісті немесе тиісті мамандыққа түскен магистранттың транскриптіңде көрсетілген пререквизит пәндері немесе оларға ұқсас пәндер болмаған жағдайда магистратураның бірінші семестрінде ақылы негізде пререквизит пәндерін меңгеру қажет. Пререквизиттер тізбесі оқу жоспарларына өзгерістер енгізілген жағдайларда өзгертілуге тиіс.

5.2.24. Қабылдау комиссиясы өтініштерді қабылдауды, түсу емтихандарын өткізуді және магистратураға оқуға түсушілерді МВА/ЕМВА білім беру бағдарламаларына қабылдауды жыл бойы жүргізеді.

5.2.25. МВА/ЕМВА білім беру бағдарламалары бойынша оқыту ақылы негізде жүзеге асырылады.

5.2.26. МВА (Бизнес мектебі) бағдарламаларына түсу емтиханы «Іскерлік әкімшілік» білім беру бағдарламалары тобы бойынша сұхбаттасу (дербес сұхбат) формасында өткізіледі.

5.2.27. ЕМВА бағдарламаларына оқуға түсу емтиханы кәсіби және басқарушылық тәжірибесі мен магистратура деңгейінде оқу қабілеттерін растау тұрғысынан емтихан комиссиясы өткізетін жеке сұхбаттасу (дербес сұхбат) түрінде өткізіледі.

5.2.28. Емтихан комиссиясы ҚБТУ-да 1 академиялық жыл мерзімге МВА/ЕМВА-ға оқуға түсу емтихандарын өткізу үшін құрылады. Емтихан комиссиясы ОПК, ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі немесе тиісті бейін бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі бар ҚБТУ қызметкерлері қатарынан құрылады. Емтихан комиссиясының құрамы төрағаны көрсете отырып, ҚБТУ Ректорының (Басқарма Төрағасы) бұйрығымен бекітіледі.

5.2.29. МВА/ЕМВА корпоративтік бағдарламаларын игеру кезінде ҚБТУ академиялық саясатында көзделген тәртіппен магистратураның білім беру бағдарламаларын игеру барысында бұрын зерделенген оқу пәндерін қайта есептеу жүзеге асырылуы мүмкін.

5.3. ҚБТУ докторантурасына оқуға қабылдау тәртібі

5.3.1. ҚБТУ докторантурасына түсудің міндетті шарттары келесілер болып табылады:

- «магистр» дәрежесінің болуы (PhD докторантураға кадрлар даярлау үшін);
- шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттың болуы (PhD докторантурасына кадрлар даярлау үшін);
- ҰТО берген мемлекеттік тіл бойынша емтихан тапсыру туралы ресми сертификат (ҚАЗТЕСТ);
- бейіндік бағыттағы магистратура дипломына ие тұлғалар үшін педагогикалық циклден өткені туралы куәліктің болуы (PhD докторантураға кадрлар даярлау үшін);
- ДВА докторантурасына кадрлар даярлау үшін бейінді магистратураға теңестірілген магистр немесе жоғары арнаулы білім дәрежесінің болуы;
- жұмыс өтілі 9 (тоғыз) айдан кем емес.

5.3.2. ҚБТУ-да докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша мақсатты даярлық шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқыту шарттарында және білім алушының қаражаты және өзге де көздер есебінен ақылы негізде

ҚБТУ ИМЖ КС 59-1-23

өтініштер қабылдау жүзеге асырылады.

5.3.3. Докторантураға оқуға түсетін өтініштер мен құжаттарды қабылдауды Қабылдау комиссиясы және ҰТО порталы арқылы келесі мерзімдерде жүргізеді:

- күнтізбелік жылдың 3 шілдесінен 3 тамызына дейін;
- күнтізбелік жылдың 25 қазанынан 10 қарашасына дейін.

5.3.4. ДТЕ-ға қатысу үшін оқуға түсуші ҰТО сайтында өзбетімен онлайн өтініш береді.

5.3.5. Халықаралық стандартталған GRE тест сертификатына ие тұлғалар оқуға түсу емтиханына қатысу үшін өтініш берген кезде сертификат деректерін енгізуі қажет. Көрсетілген сертификат балдарын ДТЕ балдарына ауыстыру 19-қосымшаға сәйкес мемлекеттік білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін өтініш беру барысында жүзеге асырылады.

5.3.6. Докторантураға білім беру топтары бойынша түсу емтихандары келесі мерзімдерде өткізіледі,

- күнтізбелік жылдың 4-20 тамызы аралығында;
- күнтізбелік жылдың 19 қарашасынан 11 желтоқсаны аралығында.

5.3.7. ҚБТУ докторантурасына түсу тәртібі мен мерзімдері төменде 6- кестеде көрсетілген:

6-кесте – ҚБТУ докторантурасына түсу алгоритмі

Атауы	Мерзімдері
Жазғы қабылдау	
ҰТО порталы арқылы докторантураға оқуға түсу емтихандарына өтініштерді қабылдау	3 шілде - 3 тамыз
Докторантураға оқуға түсу емтиханын тапсыру	4 - 20 тамыз
Апелляциялық комиссия (қажет болған жағдайда)	емтихан тапсырғаннан кейінгі күні
Құжаттарды қабылдау	3 шілде- 3 тамыз
Халықаралық сертификаттарды тексеру	тұрақты негізде
Шарттар жасасу	28 тамызға дейін
Оқуға қабылдау	28 тамызға дейін
Пререквизиттерден және / немесе ғылыми-педагогикалық компоненттен өту (қажет болған жағдайда)	бірінші академиялық семестр ішінде
Қысқы қабылдау	
ҰТО порталы арқылы докторантураға оқуға түсу емтихандарына өтініштерді қабылдау	25 қазан мен 10 қараша аралығында
Докторантураға оқуға түсу емтиханын тапсыру	19 қарашадан 11 желтоқсанға дейін
Апелляциялық комиссия (қажет болған жағдайда)	емтихан тапсырғаннан кейінгі күні
Құжаттарды қабылдау	1-18 қараша аралығы
Халықаралық сертификаттарды тексеру	тұрақты негізде
Шарттар жасасу	26 желтоқсаннан 10 қаңтарға дейін
Оқуға қабылдау	26 желтоқсаннан 10 қаңтарға дейін
Пререквизиттерден және / немесе ғылыми-педагогикалық компоненттен өту (қажет болған жағдайда)	бірінші академиялық семестр ішінде

5.3.8. Докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша оқу үшін тапсыратын қажетті құжаттардың тізімі 16-қосымшада ұсынылған (ҚБТУ Қабылдау комиссиясына құжаттар тапсыру барысында, оның ішінде онлайн).

ҚБТУ ИМЖ КС 59-1-23

5.3.9. 1 немесе 1,5 жыл оқу мерзімімен бейінді магистратураны бітірген тұлғалар белгіленген үлгідегі педагогикалық циклден өткені туралы куәлікті не PhD докторантурасына бейінді жолдама магистріне оқуға түсу барысында оған педагогикалық бейіндегі жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламасын (осы Қабылдау ережелерінің 17-қосымшасы) қосымша меңгеру қажет.

5.3.10. Докторантураның білім беру бағдарламасының бейіні магистратура бағдарламасымен сәйкес келмеген жағдайда докторантқа игеру үшін пререквизиттер белгіленеді (ҚР ҒЖЖБ М бағдарламаларының сәйкестік кестесіне сәйкес) (осы Қабылдау ережелерінің 18-қосымшасы).

5.3.11. Докторантураның білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларына өзгерістер енгізілген жағдайда пререквизиттер тізбесіне де өзгерістер енгізілуі мүмкін.

5.3.12. Педагогикалық бейіндегі жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің пререквизиттері мен бағдарламасы ақылы негізде игеріледі.

5.3.13. ҚБТУ білім беру бағдарламаларының топтарына оқуға түсетін тұлғалар білім беру бағдарламалары тобының бейініне бойынша емтихан сұрақтары блогын тапсырады және стандартталған Graduate Record Examinations (GRE) тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты болуы барысында (осы Қабылдау ережелерінің 19-қосымшасы) сәйкес балдармен докторантураға оқуға даярлығын анықтау үшін эссе мен тест жазудан босатылады.

5.3.14. Сертификат балдарын ОДТ және эссе жазу балдарына ауыстыру мемлекеттік білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін өтініш беру барысында және ақылы негізде қабылдану барысында жүзеге асырылады.

5.3.15. Докторантураға түсушілер міндетті түрде шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес тілді меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынады. Халықаралық сертификаттардың шекті мәндері 7-кестеде келтірілген.

7-кесте – Шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттардың шекті мәндері

Халықаралық сертификат	Балл шегі	Сертификаттарды тексеру әдістері
Ағылшын тілі		
IELTS Academic	5,5-тен кем емес	Сайт арқылы: IELTS Test Report Form (TRF) Verification Service https://ielts.ucles.org.uk/ielts-trf/index.jsp Электрондық пошта: verification.ielts@idp.com
TOEFL IBT	46 баллдан кем емес	Сайт арқылы ETS: portal.ets.org логині бойынша: SRyspayeva
TOEFL ITP	460 баллдан кем емес	
TOEFL PBT	453 баллдан кем емес	
Неміс тілі		
DSH	Niveau B2/ B2 деңгейі	Сайт арқылы: http://www.ets.org По электрондық пошта: tests-security@etsglobal.org
TDF	Niveau B2/B2 деңгейі	
Француз тілі		
TFI	B2 деңгейінен төмен емес	Сайт арқылы: http://www.ets.org Электрондық пошта: tests-security@etsglobal.org
DELFB	B2 деңгейінен төмен емес	
DALFB	B2 деңгейінен төмен емес	
TCF	50 баллдан кем емес.	

5.3.16. TOEFL IBT сертификаты бар тұлғалар докторантураға оқуға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге қосымша тестілеуден өтеді. Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Ең көп балл саны-100 балл.

5.3.17. Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу «Өткізу» немесе «Өткізбеу» формасында бағаланады. «Өткізу» бағасын алу үшін кемінде 75 балл жинау керек.

5.3.18. Ағылшын тілін білуге қосымша тестілеуді білім беру саласындағы өкілетті орган айқындаған ұйымдарда ҰТО жүргізеді.

5.3.19. Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді тапсыру күні, уақыты мен орны оқуға түсушілердің назарына олардың жеке кабинеті арқылы жеткізіледі.

5.3.20. Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығын Қабылдау комиссиясы тексереді.

5.3.21. ҚБТУ докторантурасына оқуға түсуші ҚБТУ емтихан комиссиясы өткізетін сұхбаттасудан өтеді, докторантураның білім беру бағдарламалары тобы бойынша оқуға түсу емтиханын ҚР ҒжЖБМ-ның Өңірлік тестілеу орталықтары (бұдан әрі – ӨТО) базасында оқуға даярлығын анықтауға арналған тестіні, компьютерлік форматта эссе тапсырады.

5.3.22. Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізілімдеріне және (немесе) қауымдастықтарына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ – ны аяқтаған тұлғалар 5 жыл ішінде шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттерін (стандарттары) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынбайды.

5.3.23. ҚБТУ-да оқуға түсу емтихандарын өткізу және докторантураға қабылдау кезеңінде эссе мен емтихан сұрақтарына жауаптарды тексеру үшін емтихан комиссиялары және білім беру бағдарламаларының топтары бойынша апелляциялық комиссиялар құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

5.3.24. Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары ОПК, ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі немесе тиісті бейін бойынша илософия докторы (PhD) дәрежесі бар ҚБТУ қызметкерлері қатарынан қалыптастырылады.

5.3.25. Емтихан комиссияларының құрамы олардың төрағаларын көрсете отырып, ҚБТУ Ректорының (Басқарма Төрағасы) бұйрығымен бекітіледі және білім беру саласындағы өкілетті органға жіберіледі.

5.3.26. ҚБТУ оқуға түсу емтихандары басталардан екі ай бұрын алқалы басқару органымен эссе тақырыптарын, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша сұрақтарды бекітеді және алқалы басқару органымен бекітілген эссе тақырыптарын, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша сұрақтарды ҚБТУ ресми сайтында орналастырады.

5.3.27. ҚБТУ емтихан комиссиясы оқуға түсушінің жеке коды бойынша жұмыстарды тексереді және нәтижелерді одан әрі жариялау үшін ақпараттық жүйе арқылы ҰТО-ға қарау нәтижелерін жібереді.

5.3.28. «Эссе жазу», «ОДТ» және «Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар» блоктары бойынша оқуға түсу емтиханының нәтижелері оқуға түсу емтихандары өткізілгеннен кейінгі күні жарияланады.

5.3.29. Докторантураға оқуға түсетін тұлғалар үшін сұхбаттасуды ЖЖОКБҰ «Эссе жазу», «ОДТ» және «Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар» блоктары бойынша түсу емтихандарынан өткенге дейін дербес

жүзеге асырады.

5.3.30. Сұхбаттасу оқуға түсушінің кәсіби және жеке қасиеттерін, ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік - зерттеу жұмыстарын жүргізу әлеуетін бағалауға бағытталған.

5.3.31. Сұхбаттасу міндетті түрде бейне байланысты пайдалану арқылы, қашықтық формасында жүргізіледі. Бейнежазба мұрағатта кемінде үш жыл сақталады.

5.3.32. Әңгімелесу хаттамамен ресімделеді, оған емтихан комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.

5.3.33. Түсуші әңгімелесуге келмеген жағдайда 0 балл қойылады, хаттамамен ресімделеді, оған емтихан комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.

5.3.34. Түсу емтихандарының нәтижелері олар өткізілгеннен кейінгі күні жарияланады. Оқуға түсушілер емтиханнан кейінгі күні жеке кабинетте түсу емтиханының нәтижелерімен таныса алады.

5.3.35. Докторанттар қатарына қабылдауды докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтиханының қорытындысы және шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын сертификат бойынша Қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

5.3.36. Докторанттар ҚБТУ-ға оқуға қабылдау барысында білім беру бағдарламаларының тиісті тобынан білім беру бағдарламасын өз бетімен таңдайды.

5.3.37. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша философия докторларын (PhD) даярлауға тұлғаларды қабылдау конкурстық негізде (оқуға түсу емтиханы бойынша ең жоғары балл жинағандар) жүзеге асырылады. Докторантураға оқуға түсу үшін балдарды бағалау жүйесіне ауыстыру шкаласы (осы Қабылдау ережелерінің 20-қосымшасында) келтірілген.

5.3.38. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантурада оқуға конкурстық негізде және өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға түсу емтиханы бойынша кемінде 75 балл жинаған тұлғалар қабылданады.

5.3.39. Докторантураға оқуға қабылдау барысында конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша неғұрлым жоғары баға алған тұлғалар басым құқық алады. Содан кейін білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін ғылыми жетістіктер ескеріледі: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде соңғы 3 күнтізбелік жылдағы Clarivate Analytics компаниясының Web of science дерекқорының Journal Citation Reports деректері бойынша 1, 2 квантильге кіретін рейтингтік ғылыми басылымдарда; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендиялар, гранттар беру туралы сертификаттар; ғылыми конференцияларға қатысқаны үшін грамоталар / дипломдар қарастырылады.

5.3.40. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша игерілмеген орындар, оның ішінде мақсатты орындар күнтізбелік жылдың 5 қыркүйегіне дейін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының топтары бөлінісінде ЖЖОКБҰ арасында одан әрі қайта бөлу үшін өтінім түрінде ҚР ҒЖЖБМ-ға қайтарылады.

5.3.41. ҚБТУ 10 күнтізбелік күн ішінде қабылдауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратура мен докторантураға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ҒЖЖБМ-ға жібереді.

5.3.42. Докторантураға «Іскерлік әкімшілендіру» (DBA) білім беру бағдарламасына оқуға түсетін өтініштерді қабылдауды Қабылдау комиссиясы жыл бойы жүргізеді.

5.3.43. DBA білім беру бағдарламасы бойынша оқыту ақылы негізде жүзеге асырылады.

5.3.44. Оқуға түсу емтиханы «Іскерлік әкімшілендіру» (DBA) білім беру бағдарламасы тобы бойынша тапсырылады.

5.3.45. Емтихан комиссиясы ҚБТУ-да 1 академиялық жыл мерзімге MBA

ҚБТУ ИМЖ КС 59-1-23

бағдарламасына оқуға түсу емтихандарын өткізу үшін құрылады. Емтихан комиссиясы ОПК, ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі немесе тиісті бейін бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі бар ҚБТУ қызметкерлері қатарынан қалыптастырылады. Емтихан комиссиясының құрамы төрағаны көрсете отырып, ҚБТУ Ректорының (Басқарма Төрағасы) бұйрығымен бекітіледі.

5.3.46. ДВА білім беру бағдарламасын игеру кезінде ҚБТУ ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен докторантураның білім беру бағдарламаларын игеру барысында бұрын зерделенген оқу пәндерін қайта есептеу жүзеге асырылуы мүмкін.

5.4. Апелляциялық комиссиялардың жұмыс тәртібі

5.4.1. Докторантура бағдарламаларына оқуға түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарау үшін ҚБТУ-да бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету үшін апелляциялық комиссия құрылады.

5.4.2. ҚБТУ-дағы апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы Қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

5.4.3. Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

5.4.4. Тест тапсырмаларының мазмұны және ОДТ блогының техникалық себептері бойынша докторантураға оқуға түсетін тұлғалардың апелляциясын ҰТО-ның Республикалық апелляциялық комиссиясы қарайды.

5.4.5. Емтихан материалдарының мазмұны бойынша және техникалық себептер бойынша өтініштер түсу емтихандарының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13:00-ден 13:30-ға дейін қабылданады және өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде жұмысты апелляциялық комиссия қарайды.

5.4.6. Тест тапсырмаларын қайта қарау үшін мазмұны бойынша өтініш беру барысында оқуға түсуші дәлелді негіздемені (толық түсіндірмені) көрсетеді. Дәлелді негізді көрсетпей, барлық тест тапсырмаларын қайта қарау бойынша апелляцияға арналған өтініштер (толық түсіндірме, міндеттерді кезең-кезеңімен шешу) қарауға жатпайды.

5.4.7. Бейіні бойынша эссе және емтихан нәтижелері бойынша апелляцияны ҚБТУ апелляциялық комиссиясы жүргізеді.

5.4.8. Докторантура бағдарламаларының оқуға түсу емтихандары бойынша ҚБТУ апелляциялық комиссиясы: білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтиханының нәтижелеріне апелляция берген тұлғаға балл қосу / қоспау туралы шешім қабылдайды.

5.4.9 ҰТО оқуға түсу емтихандары аяқталғаннан кейін 25 тамызға дейін түсу емтиханының бейнебақылау жазбаларын талдауды және қарауды жүзеге асырады.

5.4.10 Оқуға түсуші түсу емтиханы кезінде тыйым салынған заттарды пайдаланғаны анықталған жағдайда, ҰТО-да түсу емтиханы кезінде тыйым салынған заттарды пайдаланғанын анықтау туралы Акт жасалады және растау материалдарымен білім беру саласындағы өкілетті органға жіберіледі. Бұдан әрі түсу емтиханының нәтижелері білім беру саласындағы өкілетті органның бұйрығымен жойылады. Түсу емтиханының нәтижелері жойылғаннан кейін ҚБТУ оқуға түсушілерге хабарлама жібереді.

5.5. Graduate Diploma-ға қабылдау тәртібі

5.5.1. Graduate Diploma - бұл бакалавр дәрежесінен кейін жиі алынатын академиялық және кәсіби біліктілік. Әр бағдарлама 4 модульден өтуді қамтиды.

5.5.2. Graduate Diploma-ға түсетін тұлғалар үшін екі бағдарлама ашылады:

Бағдарламалар тізімі:

- Graduate Diploma in Data Science
- Graduate Diploma in Business Analytics

ҚБТУ ИМЖ КС 59-1-23

5.5.3. ҚБТУ-ға Graduate Diploma бағдарламаларына түсетін адамдар ҰТО-ның міндетті тестілері немесе университеттің ішкі тестілері түрінде қосымша емтихандардан өтпейді және келесі толықтыруларға сәйкес 9-қосымшада көрсетілген магистратураға түсу үшін қажетті құжаттар тізбесін беру негізінде қабылданады:

- Бакалавриатты бітіргені туралы диплом;
- Data Science бағдарламасына түсетін транскрипте кемінде 2 жиынтық пән (математика, статистика және т. б.) болуы тиіс;
- IELTS 6.0, (әр секция бойынша кемінде 5,5)
- APTIS: кемінде B2 (әрбір секция бойынша кемінде B2)
- DUOLINGO: кемінде 105 балл
- TOEFL iBT: кемінде 87 (кемінде 21 reading, writing және кемінде 19 speaking, listening (Special Home Edition тестін қоса алғанда)

5.5.4. Оқыту форматы – аралас.

5.5.5. Бағдарламаның ұзақтығы - 1 жыл, оқыту тілі – ағылшын тілі.

5.5.6. Бағдарлама сонымен қатар ҚБТУ-да магистратура шеңберінде бір жыл ішінде 4 модульден өтуді көздейді.

5.5.7. Ағылшын тілін білетіндігін растайтын сертификаттың болуы.

5.6. Қаржы нарықтары және ақпараттық технологиялар саласындағы мамандарды даярлау үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен Қазақстан - Британ техникалық университетінің ынтымақтастығын іске асыру шеңберінде MBA білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау ережелері

5.6.1. Осы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру MBA білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау ережелері (бұдан әрі – Ережелер) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ (бұдан әрі - ҚРҰБ) мен «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ (бұдан әрі - Университет) арасындағы 2023 жылғы 14 ақпандағы № 69НБ ынтымақтастық туралы меморандумның негізінде әзірленді.

5.6.2. Ережелер келесі білім беру бағдарламалары бойынша оқу мерзімі 2 (екі) жыл болатын жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларына (бұдан әрі – ББ) жеке тұлғаларды қабылдау тәртібін айқындайды:

1. 7M04113 MBA «Макроқаржы және Data Science»;
2. 7M04114 MBA «Қаржы технологиялары»;
3. 7M04115 MBA «Қаржылық тәуекел-менеджмент және Data Science».

5.6.3. Оқыту күндізгі оқу формасы бойынша жүзеге асырылады.

5.6.4. ББ-ға жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар жеке тұлғалар қабылданады.

5.6.5. Магистранттарды оқыту бүкіл оқу мерзімі үшін оқу құнының 100% -ын жабатын ҚРҰБ-ның қаржылық қолдауы (бұдан әрі - ҚРҰБ гранттары), бүкіл оқу мерзімі үшін оқу құнының 50%-ын жабатын университет гранттары (бұдан әрі-Университет гранттары), сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен оқытуға толық ақы төлеу есебінен жүзеге асырылады.

5.6.6. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар ББ-ға осы тұлғалардың өз қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен оқытудың толық құнын төлеу шартымен қабылданады.

5.6.7. ҚР ҰБ гранттарын ББ бөлінісінде бөлуді ҚРҰБ жүргізеді.

5.7. ҚРҰБ-мен бірлесіп MBA білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау тәртібі

5.7.1. ББ-ға тұлғаларды оқуға қабылдау конкурстық негізде келесі нәтижелер бойынша жүзеге асырылады:

ҚБТУ ИМЖ КС 59-1-23

- жоғары математикадан түсу емтиханы;
- ағылшын тілінен түсу емтиханы;
- ҚРҰБ өкілдерімен сұхбаттасу (ҚРҰБ грантына үміткер тұлғалар үшін).

5.7.2. ББ-ға түсетін тұлғалардан құжаттарды қабылдау:

- ҚРҰБ гранттарына үміткер тұлғалар үшін 2053 жылғы 25 шілдеге дейін қоса алғанда;

- Университет грантында, білім алушылардың өз қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен оқуға үміткер тұлғалар үшін 2025 жылғы 08 қыркүйекке дейін қоса алғанда.

5.7.3. ББ-ға оқуға түсетін тұлғалар Қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) Ректордың атына белгіленген үлгідегі өтініш;
- 2) қосымшалары бар жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа);
- 3) 3x4 өлшемді 2 фотосурет;
- 4) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген электрондық форматтағы 075/е формасы бойынша медициналық анықтама;
- 5) жеке куәліктің немесе паспорттың көшірмесі;
- 6) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы құжаттың көшірмесі (бар болса);
- 7) басылымның титулдық бетінің көшірмесін қоса алғанда, ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі және жұмыстардың көшірмелері, мазмұны (мазмұны) бар беттің көшірмесі, басылымның библиографиялық сипаттамасы бар беттің көшірмесі (бар болса);
- 8) еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар адамдар үшін) (бар болса);
- 9) шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттардың көшірмелері (бар болса);
- 10) халықаралық, республикалық, қалалық деңгейдегі конференцияларда/олимпиадаларда/конкурстарда қол жеткізілген маңызды жетістіктерді растайтын сертификаттардың/дипломдардың көшірмелері (бар болса).

Көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалар қайтарылады. 5.7.3-тармақтың 1-5-тармақшаларында көрсетілген міндетті құжаттардың толық емес тізбесін ұсыну барысында Қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

5.7.4. ББ-ға оқуға түсушілер Университет ректорының атына өтініш беру барысында ББ басымдылығының цифрларын көрсете отырып, жоғарыда аталған білім беру бағдарламаларының біреуінен астамын көрсете алады.

5.7.5. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар оқудың бірінші семестрі ішінде қабылданғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нострификацияланады.

5.7.6. Құжаттарды қабылдау, түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру және білім беру бағдарламаларына қабылдау үшін Қабылдау комиссиясы құрылады. Университет ректоры не оның міндетін атқарушы тұлға Қабылдау комиссиясының төрағасы болып табылады. Қабылдау комиссиясының құрамы университет ректорының немесе оның міндетін атқарушы адамның бұйрығымен бекітіледі.

5.7.7. Қабылдау комиссиясының құрамына оның мүшелерінің құқықтары бойынша ҚРҰБ қызметкерлері кіре алады.

5.8. Жоғары математика бойынша түсу емтиханын, ағылшын тілі бойынша тестілеуді, сұхбаттасуды және ҚРҰБ-мен МВА білім беру бағдарламаларына қабылдауды өткізу тәртібі

5.8.1. БББ-ға түсуші тұлғалар 5 тапсырма енгізілген: бір тапсырма бойынша

базалық және жоғары деңгейдегі күрделілік және 3 тапсырма орташа деңгейдегі күрделіліктегі билеттер бойынша жоғары математика бойынша түсу емтиханын жазбаша формада тапсырады. Негізгі қиындық деңгейіндегі әрбір тапсырманы орындау үшін ең жоғары баға – 15 балл, орташа қиындық деңгейі – 20 балл және жоғары қиындық деңгейі – 25 балл. Қабылдау емтиханы MOODLE платформасында автоматты прокторинг жүйесі қосылған қашықтан форматта өтеді.

5.8.2. Жоғары математикадан түсу емтиханын орындауға 160 минут уақыт беріледі.

5.8.3. Жоғары математикадан түсу емтиханы бойынша кемінде 60 балл жинаған тұлғалар ағылшын тілі бойынша түсу емтиханынан өтуге жіберіледі.

5.8.4. Ағылшын тілі бойынша түсу емтиханынан өтуден шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес «Intermediate» (IELTS 5.0 - 5.5; TOEFL 60-70 балл) кемінде «Intermediate» (IELTS 5.0-5.5; TOEFL 60-70 балл) деңгейінде ағылшын тілін меңгергенін растайтын қолданыстағы халықаралық сертификаттары бар, бакалавриатта және / немесе магистратурада ағылшын тілінде білім алған тұлғалар ағылшын тілінен түсу емтиханы бойынша ең жоғары баға қою арқылы босатылады.

5.8.5. Ағылшын тіліне түсу емтиханы екі кезеңнен тұрады:

- автоматты прокторинг жүйесі қосылған MOODLE платформасында жазбаша тестілеу (KELET) ;

- емтихан комиссиясының мүшелерімен қашықтық форматында (Microsoft Teams немесе Zoom платформасында) ағылшын тілінде сұхбаттасу.

5.8.6. Жазбаша тестілеуден өту нәтижесінде ағылшын тілін кемінде «Intermediate» деңгейінде меңгергенін растаған тұлғалар ағылшын тілінде сұхбаттасудан өтуге жіберіледі, оның нәтижелері бойынша емтихан комиссиясы ағылшын тілінен түсу емтиханы бойынша баға қояды. Ағылшын тілінен түсу емтиханының ең жоғары бағасы-10 балл.

5.8.7. Жоғары математика және ағылшын тілі бойынша түсу емтихандарын қайта тапсыруға жол берілмейді.

5.8.8. ҚРҰБ гранттары есебінен оқуға үміткер тұлғалар үшін оқуға түсу емтихандары келесі мерзімдерде өткізілетін болады:

- жоғары математикадан түсу емтиханы - 2025 жылғы 31 шілде;
- ағылшын тілі бойынша жазбаша тестілеу - 2025 жылғы 4 тамыз;
- ағылшын тілі бойынша сұхбаттасу - 2025 жылғы 07 тамыз;
- ҚРҰБ өкілдерімен сұхбаттасу - 2025 жылғы 09 тамыз.

5.8.9. Университет грантында оқуға үміткер тұлғалар үшін білім алушылардың өз қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен түсу емтихандары келесі мерзімдерде өткізілетін болады:

- жоғары математикадан түсу емтиханы –2025 жылғы 18 қыркүйек;
- ағылшын тілі бойынша жазбаша тестілеу- 2025 жылғы 21 қыркүйек;
- ағылшын тілі бойынша сұхбаттасу - 2025 жылғы 23 қыркүйек.

5.8.10. Түсу емтихандарын орындау кезінде талапкерде ұялы телефондарды, смарт сағаттарды, планшеттерді және т.б. қоса алғанда, кез келген ақпарат тасығыштарда рұқсат етілмеген ақпарат көздері табылған жағдайда, талапкер емтиханнан шығарылады, оның жазбаша жұмысы емтихан комиссиясының қарауына қабылданбайды.

5.8.11. Түсу емтихандарын өткізу ережелері бұзылған жағдайда талапкер емтиханнан шығарылады, оның жазбаша жұмысы емтихан комиссиясының қарауына қабылданбайды.

5.8.12. Түсу емтихандарын өткізу кезеңінде жоғары математика бойынша емтихан комиссиясы және ағылшын тілі бойынша емтихан комиссиясы құрылады.

5.8.13. Емтихан комиссиясы мүшелердің тақ санынан тұрады және дәріс және практикалық сабақтарды өткізу тәжірибесі бар ең беделді білікті оқытушылар қатарынан құрылады. Емтихан комиссиясына оның мүшелерінің құқықтары бойынша ҚР ҰБ

ҚБТУ ИМЖ КС 59-1-23

қызметкерлері қосымша кіре алады. Емтихан комиссиясының құрамы мен төрағасы Университет ректорының немесе оның міндетін атқарушы адамның бұйрығымен бекітіледі.

5.8.14. Бірыңғай талаптарды сақтау және даулы мәселелерді шешу үшін түсу емтихандарының нәтижелері бойынша мүшелердің тақ санынан апелляциялық комиссия құрылады.

5.8.15. Апелляциялық комиссияның құрамы мен төрағасы Университет ректорының немесе оның міндетін атқарушы адамның бұйрығымен бекітіледі. Апелляциялық комиссияның құрамына оның мүшелерінің құқықтары бойынша ҚР ҰБ қызметкерлері қосымша кіре алады. Бұл ретте емтихан комиссиясының қазіргі мүшелері апелляциялық комиссияның мүшелері бола алмайды.

5.8.16. Жоғары математика бойынша оқуға түсу емтиханының және ағылшын тілі бойынша жазбаша тестілеудің нәтижелерімен келіспеген азамат апелляциялық комиссия төрағасының атына арнайы бланкіде жазбаша апелляциялық өтінішті жеке өзі тапсыруы тиіс:

- MOODLE платформасының жұмысына байланысты апелляциялық шағым (<https://moodle.kbtu.kz>) оқуға түсу емтиханын тапсырған күні беріледі;

- түсу емтиханының және жазбаша тестілеудің тікелей нәтижелерін апелляциялауға өтініш түсу емтиханы мен тестілеу нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13:00-ге дейінгі мерзімде (Астана қ.уақыты бойынша) беріледі.

5.8.17. Өтініштер тиісті журналда тіркеледі және апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарайды.

5.8.18. Апелляциялық комиссияның мәжілісі жоғары математика бойынша түсу емтиханының және ағылшын тілі бойынша жазбаша тестілеудің нәтижелері жарияланған күннен кейінгі күні сағат 14:00-ден (Астана қ.уақыты бойынша) өткізіледі және егер мәжіліске оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып саналады. Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. комиссияның жұмысы төраға мен комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

5.8.19. Жоғары математика және ағылшын тілі бойынша түсу емтихандарының нәтижелері бойынша Қабылдау комиссиясы ҚРҰБ өкілдерімен сұхбаттасуға қатысу үшін ҚРҰБ гранттары есебінен оқыту үшін шекті балдардың мәнін белгілейді.

5.8.20. ҚР ҰБ өкілдерімен сұхбаттасу нәтижелері бойынша ҚРҰБ гранттары есебінен оқыту үшін білім беру бағдарламалары бөлінісінде магистранттар қатарына қабылдануға ұсынылатын талапкерлердің тізімі айқындалады.

5.8.21. Қабылдау комиссиясы жоғары математика және ағылшын тілі бойынша түсу емтихандарының нәтижелері бойынша Университет гранттары есебінен оқу үшін және магистранттардың өз қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен толық ақы төлеу негізінде оқыту үшін шекті балдардың мәнін белгілейді.

5.8.22. ҚРҰБ гранттары есебінен оқуға арналған конкурстық іріктеуге қатысатын тұлғалар білім алушылардың өз қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен Университет грантында оқуға арналған конкурстық іріктеуге қатыса алады.

5.8.23. Екі түсу емтихандарының нәтижелері бойынша қорытынды баллдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда қабылдау кезінде жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы үздік дипломдары, білім беру бағдарламаларына сәйкес салаларда жұмыс тәжірибесі, халықаралық, республикалық, қалалық деңгейдегі олимпиадаларда/конкурстарда елеулі жетістіктерді растайтын сертификаттары/дипломдары бар, ғылыми және ғылыми- әдістемелік жұмыстар, халықаралық сертификаттар, шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне

ҚБТУ ИМЖ КС 59-1-23

(стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын құжаттары бар тұлғалар басым құқық алады.

5.8.24. Магистранттар қатарына қабылдау Университет ректорының бұйрығымен немесе Университеттің қабылдау комиссиясының шешімі негізінде оның міндетін атқарушы тұлғамен ресімделеді.

6. ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ

6.2. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген жағдайларда шетелдік азаматтар ҚБТУ-ға мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес тегін оқуға ҚР ҒЖЖБМ бұйрығы негізінде қабылданады.

6.3. Шетел азаматтарын ҚБТУ-ға оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде Қабылдау комиссиясы өткізетін ұсынылған құжаттар мен сұхбаттардың нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Шетел азаматтарымен сұхбаттасуды мектеп деканы, профессор-оқытушылар құрамының 1 өкілі, Интернационалдандыру департаментінің өкілі жүргізеді, сұхбат нәтижелері хаттамада форма бойынша тіркеледі.

6.4. Сұхбат күні мен уақыты электрондық байланыс арқылы тағайындалады.

6.5. Сұхбат қашықтықтан ақпараттық технологияларды қолдану арқылы жүргізілуі мүмкін.

6.6. Құжаттарды Қабылдау комиссиясына тапсырылады, оның ішінде ҚБТУ-дың <https://kbtu.studyspace.kz/admission> сайтында сауалнаманы толтыру (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде бар) және қажетті құжаттарды ұсыну арқылы онлайн режимінде жүзеге асырылады. Порталмен техникалық проблемалар туындаған жағдайда шетелдік үміткер өз құжаттарын study.international@kbtu.kz электрондық поштасы арқылы жібере алады.

6.7. Ағылшын тілін білуін растау үшін үміткер Қабылдау ережелерінің осы бөлімінің 6.5-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, қолданыстағы IELTS/TOEFL/Duolingo English Test сертификатын ұсынуы немесе ҚБТУ-дың ағылшын тілін білу деңгейін анықтау үшін KELET түсу тестілеуінен өтуі тиіс.

6.8. Бакалавриатқа, магистратураға және докторантураға оқуға түсу үшін көрсетілген сертификаттар бойынша шекті мәндер осы Қабылдау ережелерінің 5-бөлімінің 5.2-тармағында 4-кестеде берілген.

6.9. Шетелдікте немесе азаматтығы жоқ адамда ағылшын тілі мемлекеттік немесе ресми болып табылатын елде (осы Қабылдау ережелерінің 21-қосымшасы) алынған және бүкіл оқу циклі ағылшын тілінде жүргізілетін білім беру мекемесі берген білім туралы құжат болуы барысында шетелдік азамат жоғарыда аталған сертификаттарды беруден және KELET тапсырудан босатылады.

6.10. Бакалавриат бағдарламаларына түсу үшін қажетті құжаттар тізімі осы Қабылдау ережелерінің 1-қосымшасында ұсынылған.

6.11. ҚБТУ магистратурасының білім беру бағдарламаларына шетел азаматтарының түсуі үшін қажетті құжаттардың тізімі осы Қабылдау ережелерінің 9-қосымшасында ұсынылған.

6.12. Докторантураның білім беру бағдарламаларына шетелдік азаматтардың түсуі үшін қажетті құжаттардың тізімі осы Қабылдау ережелерінің 16-қосымшасында ұсынылған.

6.13. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы №8 бұйрығымен бекітілген Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау режелеріне сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен танылады және нострификацияланады.

6.14. ҚБТУ-ға түсетін шетелдік талапкерлерге барлық хабарламалар электрондық пошта арқылы жіберіледі және ҚБТУ-ға түсу үшін сауалнамада көрсетілген талапкердің электрондық мекенжайына жіберіледі.

6.15. Бакалавриатқа оқуға қабылдау 25 тамыздан кешіктірілмей, ҚБТУ

ҚБТУ ИМЖ КС 59-1-23

магистратурасы мен докторантурасына - 28 тамыздан кешіктірілмей жүргізіледі. Білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шартқа қол қою осы Қабылдау ережелерінде көзделген жалпы тәртіппен жүзеге асырылады.

6.16. Шетелдік талапкердің сауалнамалық деректерінің, қол қойылған шарттың және оқуға қабылдау туралы бұйрықтың негізінде көші-қон қызметі басқармасына келу оқу визасын ресімдеу үшін өтініш ресімделеді және жолданады.

6.17. Шетелдегі мекемелер Қазақстан Республикасына келу оқу визасын ҚБТУ-да оқуға шақыру және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ведомстволық байланыс арналары арқылы шетелдегі мекемеге келіп түскен көші-қон қызметі басқармасының оқуға шақыруды келісу туралы хабарламасы негізінде береді.

6.18. Азаматтығы жоқ тұлғаларға осы Қабылдау ережелеріндегі шетел азаматтарын қабылдау туралы барлық ережелер қолданылады.

6.19. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар (Қазақстан Республикасы берген азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігінің болуы) Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей тәртіппен ҚБТУ-да мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес оқуға қабылданады.

7 ШАРАЛАР БОЙЫНША ТӘУЕКЕЛДЕР

7.1 Осы ережелермен тәртіптелген іс-әрекеттерді орындау барысында келесідей тәуекелдер туындауы мүмкін:

7.2

№ р/т	Тәуекел атауы	Ескерту әрекеттері	Түзету әрекеттері	Тәуекел несі
1	БАҚ пен әлеуметтік желілерде сыни сипаттағы жарияланымдарға арға байланысты ҚБТУ беделіне зиян келтіру қаупі	ЖОО-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын, іскерлік әдеп кодексін, ҚР ҒжЖБМ талаптарын сақтау, сондай-ақ талапкерлер мен олардың ата-аналарының/қамқоршыларының шағымдары мен ұсыныстарын жинау және өңдеу	Сыни мақаланың/жазбаның себебін анықтау, белгіленген мәселені жою бойынша шаралар қабылдау	Қабылдау комиссиясы құрамының мүшелері
2	В061 Материалтану және технологиялар бакалавриатқа және D072 Менеджмент докторантураға МБГ бөлінбеуіне байланысты 2023 - 2024 жж. қабылдау жоспарын игермеу тәуекелі	В061 Материалтану және технологиялар және D072 Менеджмент бойынша МБГ алу мақсатында ҚР ҒжЖБМ-ға сұрау жіберу	Осы бағыттар бойынша қабылдауды жабу	Қабылдау комиссиясы құрамының мүшелері

8 ИМЖ ЖАЗБАЛАРЫ

ҚБТУ ИМЖ КС 59-1-23

8.1 Осы Ережелер шара бойынша қызметтің қорытынды нәтижелерін жазбаша және/немесе электрондық түрде растайтын төмендегі жазбаны қамтиды:

№ р/т	Жазба атауы	Жазбаны сақтау орны	Жазбаларға жауапты
1	Қабылдау комиссиясының есебі	Электрондық файл docx., ppt.	ҚК жауапты хатшысы

9 ЖАУАПКЕРШІЛІК

9.1 ҚБТУ Ректорының (Басқарма Төрағасы) бұйрығымен бекітілген Қабылдау комиссиясы құрамының мүшелері осы Қабылдау ережелерінің сақталуына жауапты болады.

10 НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗІМІ

Осы Қабылдау ережелерінде сілтемелері бар нормативтік құжаттардың тізбесі:

1	Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы
2	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 қаулысымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың типтік ережелері
3	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысымен бекітілген «Бакалавр» немесе «Магистр» дәрежесін бере отырып, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімге ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелері
4	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу барысында қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» № 264 қаулысы
5	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу ережелері
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген Кешенді тестілеуді өткізу ережелері
7	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы № 8 бұйрығымен бекітілген Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау ережелері
8	Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасының 16.06.2018 ж. №127 Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің 15.06.2018 ж. №324-П «Алматы қаласының жоғары оқу орындарына, колледждеріне түсетін адамдар арасында туберкулезді медициналық куәландыру және ерте анықтау туралы» бірлескен бұйрығы
9	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 1 сәуірдегі № 134 бұйрығымен бекітілген Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының жақын топтарының және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтарының сәйкестігінің әдістемелік ұсынымдары.

ҚОСЫМШАЛАР ТІЗІМІ		Беті
1-қосымша	Бакалавриаттың білім беру бағдарламаларына оқуға түсу үшін қажетті құжаттар тізбесі	31
2-қосымша	2024-2025 жж. ақылы бакалавриат және магистратура бөліміне оқуға түсушілерге арналған жеңілдіктер санаттары	33
3-қосымша	Білім беру грантын алуға квотасы бар талапкерлердің қосымша құжаттарының тізімі	35
4-қосымша	Басқа ЖЖОКБҰ-дан ауысатын ҚБТУ-ға қайта қабылданатын бакалавриат студенттерінің құжаттарының тізімі	40
5-қосымша	Бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының атаулары	41
6-қосымша	ҚБТУ-ға бакалавриат ББ-ға түсу үшін шарттар тізімі	43
7-қосымша	Басым құқықты растайтын құжаттардың тізбесі	47
8-қосымша	Магистратураның білім беру бағдарламаларының тізімі	48
9-қосымша	ҚБТУ-да магистратураға қабылдау комиссиясына беру үшін құжаттар тізбесі	49
10-қосымша	Халықаралық стандартталған GRE тесті сертификатының баллдарын магистратураға КТ балдарына ауыстыру шкаласы	51
11-қосымша	Халықаралық стандартталған GMAT тесті сертификатының баллдарын магистратураға КТ балдарына ауыстыру шкаласы	52
12-қосымша	Магистратураға кешенді тестілеуге арналған бағалау жүйесінің шкаласы	53
13-қосымша	Шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат баллдарын магистратураға КТ шет тілі тесті бойынша балдарға аудару шкаласы	54
14-қосымша	Магистратурада оқу үшін қажетті деректемелердің тізбесі	55
15-қосымша	Докторантураның білім беру бағдарламаларының тізімі	57
16-қосымша	ҚБТУ-да докторантураға қабылдау комиссиясына тапсыру үшін құжаттар тізбесі	58
17-қосымша	Бейіндік магистратураны бітірген тұлғалар үшін педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламасының құрылымы	60
18-қосымша	Докторантурада оқу үшін қажетті деректемелердің тізбесі	61
19-қосымша	Халықаралық стандартталған GRE тест сертификатының баллдарын докторантураға түсу емтиханының баллдарына аудару шкаласы	62
20-қосымша	Докторантураға оқуға түсу үшін балдарды бағалау жүйесіне ауыстыру шкаласы	63
21-қосымша	Ағылшын тілі ресми болып табылатын егемен елдердің тізімі	64

**БАКАЛАВРИАТТЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ОҚУҒА ТҮСУ ҮШІН
ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ**

№	Құжаттар тізімі	Талапкерлер санаты		
		МБГ бойынша	Ақылы негізде	Шетел азаматтары
1	Белгіленген үлгідегі бланкіде Ректордың (Басқарма Төрағасы) атына өтініш (кеңесшілермен толтырылады, түпнұсқа)	✓	✓	✓
2	Талапкердің сауалнамасы (электрондық)	✓	✓	-
3	Жеке куәлік / паспорт (көшірмесі)	✓	✓	✓
4	Қосымшалары бар жалпы орта, техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) немесе жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа)	✓	✓	✓
5	3×4 өлшемді1 фотосурет	✓	✓	✓
6	Флюорографияның суреті қоса берілген 075-У формасындағы медициналық анықтама (түпнұсқа)	✓	✓	✓ *
7	063/у формасы (көшірме)	✓	✓	✓
8	ҰБТ сертификаты (АРЕС түлектері мен UoL бағдарламаларынан басқа барлығы үшін)	✓	✓	-
9	Ағылшын тілі бойынша IELTS / TOEFL / STEP сертификаты (тізімделгендердің бірі)	✓	✓	✓
10	Тіркеу куәлігі (жігіттер үшін, көшірмесі)	✓	✓	✓
11	Шетелдік білім беру ұйымдары берген, жария етілген немесе апостиль қойылған білім туралы құжаттар, ал жария етуді жою туралы халықаралық шарт болған кезде - нотариалдық куәландырылған мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасымен (бар болса, түпнұсқа)	✓	✓	✓
12	ВИЧ-инфекциясына, В және С гепатитіне зертханалық тексеру туралы анықтама (сертификат)	-	-	✓ **
13	Мотивациялық хат (үлгі бойынша толтырылады. Сайттағы үлгі kbtu.edu.kz)	✓	✓	✓
14	Шарт (электрондық түрде)	✓	✓	✓ ***
15	ҚБТУ-да МБГ/ жеңілдікті құнға басым құқығы бар әлеуметтік санатты растайтын құжаттар (түпнұсқа)	✓	✓	- ****
16	Әскери билеттің көшірмесі (мерзімді қызмет өткергендер үшін, ҰБТ-сыз түсу үшін)	-	✓	-

ҚБТУ ИМЖ КС 59-1-23

14	ХҚКО-да немесе eGOV арқылы алынған мерзімді әскери қызмет өткергенін растау туралы анықтама (мерзімді қызмет өткергендер үшін, ҰБТ-сыз түсу үшін)	-	✓	-
15	Медициналық сақтандыру	-	-	✓

* 075-У формасындағы медициналық анықтама ҚР-ға келгеннен кейін ҚБТУ-ға қабылданғаннан кейін шетелдік студенттерге ұсынылады.

** СПИД, ВИЧ, В және С гепатитіне (Алматы қаласы, Жароков көшесі, 215 мекенжайы бойынша «Алматы қалалық АнтиСПИД Қауымдастығы» ЗТБ-ға берілетін), сондай-ақ безгекке (Африка елдерінің азаматтары үшін) қосымша анықтама беріледі.

*** Шетелдік азаматтармен шарт баспа нұсқасында жасалады

**** ҚК-де түпнұсқалығын тексеру үшін құжаттардың түпнұсқаларын ұсыну қажет. Олардың көшірмесі алынып, ҚК-де қалады, түпнұсқасы талапкерге қайтарылады.

ҚК-де түпнұсқалығын тексеру үшін құжаттардың түпнұсқаларын ұсыну қажет. Олардың көшірмесі алынып, ҚК-де қалады, түпнұсқасы талапкерге қайтарылады.

**АҚЫЛЫ БӨЛІМГЕ ОҚУҒА ТҮСУШІЛЕР
ҮШІН ЖЕҢІЛДІКТЕР САНАТТАРЫ**

БАКАЛАВРИАТ	
Санаттар	Қажетті құжаттар тізімі
I санат. Жетім балалар және 23 жастан аспаған ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	<ol style="list-style-type: none"> 1. Екі ата-анасының қайтыс болуы туралы куәлік (түпнұсқа); 2. Талапкердің туу туралы куәлігі (көшірмесі); 3. Қорғаншылықты/қамқоршылықты белгілеу және / немесе ата-ана құқықтарынан айыру туралы өкілетті мемлекеттік органның шешімі/қаулысы (түпнұсқа); 4. Жеке куәлік (қорғаншы, қамқоршы) (көшірмесі).
II санат. Бала кезінен мүгедек балалар, I және II топтағы мүгедек балалар	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мүгедектік беру туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның анықтамасы (түпнұсқа) 2. Медициналық-әлеуметтік сараптамалық қорытынды (түпнұсқа) 3. Талапкердің туу туралы куәлігі (көшірмесі)
III санат. Төрт және одан да көп кәмелетке толмаған бала тәрбиелеп отырған көп балалы отбасылардан шыққан балалар	<ol style="list-style-type: none"> 1. Барлық балалардың туу туралы куәліктері (көшірмесі); 2. Ата-ананың жеке куәлігі (көшірмесі); 3. Көп балалы болу бойынша мемлекеттік жәрдемақы алушының куәлігі (көшірмесі); 4. 23 жасқа дейінгі балалардың оқу орнынан анықтама (түпнұсқа); 5. Соңғы 6 айдағы табысы көрсетілген екі ата-ананың жұмыс орнынан анықтама. Егер ата-ана уақытша жұмыс істемесе, онда тұрғылықты жері бойынша әлеуметтік қорғау органынан анықтама (түпнұсқа).
IV санат. Ата-анасының бірінің қайтыс болуына байланысты толық емес отбасылардан шыққан талапкерлер	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ата-анасының біреуінің қайтыс болуы туралы куәлік (көшірмесі жасалатын түпнұсқа беріледі) 2. Талапкердің туу туралы куәлігі (көшірмесі) 3. Ата-ананың жеке куәлігі (көшірмесі) 4. Ата-анасының некесін тіркемегені туралы анықтама (түпнұсқа)

<p>V санат. Ағымдағы жылдың және өткен жылдардың фокустық серіктестерінің түлектері болып табылатын талапкерлер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ (НЗМ) 2. «Білім-Инновация» МОФ (БИЛ) 3. «Республикалық физика - математика мектебі» АЕҰ (РФММ) 4. Tamos Education халықаралық мектебі 5. «Мирас» халықаралық мектебі 6. «Арыстан» мамандандырылған лицейі 7. Алматы халықаралық мектебі 8. IQanat High School Of Burabay 9. Нұр-Орда халықаралық мектеп-лицейі 10. АРЕС PetroTechnic жоғары колледжі 	<p>Аттестат (көшірме)</p>
<p>VI санат. Ішкі гранттар мен жеңілдіктер</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. ҚБТУ сертификаты (түпнұсқа) 2. Сертификатта көрсетілген тиісті баллдары бар ҰБТ сертификаты
<p>МАГИСТРАТУРА</p>	
<p>I санат. Жетім балалар және 23 жастан аспаған ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Екі ата-анасының қайтыс болуы туралы куәлік (түпнұсқа); 2. Талапкердің туу туралы куәлігі (көшірмесі); 3. Қорғаншылықты/қамқоршылықты белгілеу және / немесе ата-ана құқықтарынан айыру туралы өкілетті мемлекеттік органның шешімі/қаулысы (түпнұсқа); 4. Жеке куәлік (қорғаншы, қамқоршы) (көшірмесі).
<p>II санат. Бала кезінен мүгедек балалар, I және II топтағы мүгедек балалар</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мүгедектік беру туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның анықтамасы (түпнұсқа) 2. Талапкердің туу туралы куәлігі (көшірмесі)
<p>III санат. Ішкі гранттар мен жеңілдіктер</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. ҚБТУ сертификаты (түпнұсқа) 2. Сертификатта көрсетілген тиісті баллдары бар КТ сертификаты
<p>* Жеңілдіктер санаттарының біреуін ғана алуға рұқсат етіледі</p> <p>* Жеңілдіктер жинақталмайды</p>	

**МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ГРАНТЫН АЛУҒА КВОТАСЫ БАР
ТАЛАПҚЕРЛЕРДІҢ ҚОСЫМША ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ**

№	Квота түрлері	Құжаттар
1	<p>1. Жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) жеңімпаздарына (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) арналған квота</p> <p>2. Халықаралық және республикалық конкурстардың орындаушылардың және спорттық жарыстардың жеңімпаздарына (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) арналған квота</p>	<p>Соңғы үш жылдағы диплом (2022, 2023, 2024 - тізбесін білім беру саласындағы өкілетті орган айқындайды)</p>
2	<p>Ағымдағы оқу жылының жалпы білім беретін пәндері бойынша президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздары үшін (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) олар таңдаған мамандық олимпиаданың, конкурстың немесе спорттық жарыстың пәніне сәйкес келуі барысында берілетін квота</p>	<p>Ағымдағы оқу жылының дипломы 2024 (қыркүйек) -2025 оқу жылы</p>
3	<p>I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар қатарындағы азаматтарға арналған квота.</p> <p>Мүгедек бала-тіршілік әрекетінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттілігіне әкеп соқтыратын ауруларға, мертігулерге (жараларға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, ақауларына байланысты дене функцияларының тұрақты бұзылуымен денсаулығының бұзылуы бар он сегіз жасқа дейінгі тұлға (Қазақстан Республикасы 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39 « Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңы).</p>	<p>Осы санаттағы тұлғалар өзі таңдаған ББТ-да оқуға қарсы көрсетілімдердің жоқтығы туралы медициналық қорытынды ұсынуы қажет (2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 ҚРК).</p> <p>Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық департаментінен берілген (Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау комитеті әлеуметтік қорғау Денсаулық сақтау министрлігі және Қазақстан Республикасының әлеуметтік дамуы) мүгедектік туралы анықтаманың көшірмесі (медициналық- әлеуметтік сараптама).</p>
4	<p>1. Жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға арналған квота.</p> <p>2. Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 6 мамырдағы № 322-VI ҚРЗ «Ардагерлер туралы» Заңының 4-6-баптарында көрсетілген, бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін атқару кезінде жаралану, контузия алу немесе мертігу салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе майданда болуына</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Туу туралы куәлік (талапкердің); • белгіленген үлгідегі куәлік немесе жеңілдіктерге құқығы туралы белгісі бар зейнетақы куәлігі; • белгіленген үлгідегі куәлік, басқа мемлекеттердің аумағындағы жауынгерлік іс-қимылдарға қатысуын растайтын әскери комиссариаттан анықтамалар немесе басқа мемлекеттердің аумағындағы жауынгерлік іс-қимылдарға қатысқаны туралы белгісі бар әскери билет, Ауғанстандағы кеңестік

